

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
07.09.2022 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 07.09.2022 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Е. КОШАНОВ.**

ТӨРАҒА. Келесі мәселе «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография және мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Сөз Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Абаев Дәурен Әскербекұлына беріледі.

АБАЕВ Д.Ә. Құрметті Ерлан Жақанұлы, құрметті депутаттар! Өздеріңізге белгілі, 2019 жылы алғаш рет «Кинематография туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Бұл отандық киноның сапасын арттырып, бәсекеге қабілеттілікті жаңа деңгейге көтеруге жүйелі жағдай жасауға мүмкіндік берді. Осыған орай Мемлекеттік ұлттық киноны қолдау орталығы құрылды. Аталған орталық ұлттық кино өндірісі, прокатты, көрсетілуі мен насихаты, бюджеттік және бюджеттен тыс қаражатты бөлумен айналысады.

Биылдың өзінде орталық 62 жобаға қолдау көрсетіп, оның ішінде 18 толық метражды көркем фильм, 19 деректі фильм, 17 қысқа метражды фильм және 8 анимациялық фильмнің жарыққа шығуына жол ашып отыр.

Қаржыландыру туралы шешім сараптама комиссиясының қорытындысы негізінде қабылданады. Аталған комиссияның құрамына кинематография қауымдастығының беделді мүшелері кіреді. Сонымен қатар қолданыстағы заңнамамен Қазақстанда фильмдер түсіретін шетелдік киностудияларға субсидияларды жартылай қайтару қарастырылады. Бұл жерде рибейт туралы сөз айтылып жатыр.

Құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға «Қазақстан Республикасының кинематография және мәдениет мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылды.

Құжат «Кинематография туралы» Заң мен «Мәдениет туралы» Заңға түзетулер енгізуді қарастырады.

Бірінші. Мемлекеттің ішінде және оның аумағынан тыс жерде мемлекет есебінен өткізілетін мәдени іс-шараларды ұйымдастыру және қаржыландырудың жаңа қағидалары мен тәсілдері бекітіледі.

Екінші. Тарихи-мәдени мұраны қорғау қызметі мемлекеттік музейлерге жүктеледі.

Бүгінгі күні елімізде 12 республикалық, 3 коммуналдық музей-қорықтар жұмыс істейді, олардың иелігінде 500-ден астам тарихи-мәдени мұра объектісі бар. Қолданыстағы заңнамада оларды қорғау қызметі анықталмаған. Түзетудің мақсаты - осы олқылықтарды жою керек.

Үшінші. Мемлекеттік қаржылық қолдау алу үшін кинематографиялық қызмет субъектілерінің шеңбері кеңейтіледі. Енді қаржыландыруды тек ЖШС немесе қоғамдық қорлар ғана емес, жеке кәсіпкерлер де алатын болады. Түзетудің мақсаты өз ісін жаңа бастаған режиссерларды, дебюттық және фестивальдық жұмыстарды қолдау.

Төртінші. «Қазақфильм» АҚ-ын фильмдердің мемлекеттік қорын сақтауды жүзеге асыратын заңды тұлға ретінде анықтау ұсынылады.

«Қазақфильм» АҚ бұл қызметті ондаған жылдар табысты атқарып келді, сонымен қатар жаңғырту шеңберінде олар фильмдерді цифрлы түрде ауыстыру құрылғысын сатып алды және отандық киноның алтын қорын біртіндеп цифрлық форматқа ауыстыру мүмкіндігі пайда болды.

Бесінші. Ұлттық фильмдер өндірісіне сатып алынған сахна-қойылым құралдарын сақтау және пайдалану мәселесі ретте ұсынылады. Бұл жерде декорациялар, павильондар, сахналық бұйымдар туралы сөз болып отыр. Бүгінде түсірілім аяқталғаннан кейін барлық бұйым студияларға беріледі немесе иесіз қалады. Осы орайда түсірілімнен кейін қалған сахналық-қойылымдық құралдарды сақтауды «Қазақфильмге» тапсыру ұсынылады.

Алтыншы. Шетелдік анимациялық фильмдерді және отбасылық фильмдерді қазақ тіліне дубляждауды мемлекеттік қолдау қарастырылған. Оларды іріктеу тәртібі мен критерийлері анықталған.

Жетінші. Елімізде фильм түсіруге субсидия алуға үміткер халықаралық киностудияларға қойылатын талаптар жеңілдетіледі. Қолданыстағы механизмге сәйкес инвесторлардың минималды жарнасы 130 айлық есептік көрсеткіш болуы керек, бұл шамамен 850 мың АҚШ долларын құрайды. Өз аумағында халықаралық киножобаларды сәтті жүзеге асыру тәжірибесі жоқ мемлекет үшін мұндай көрсеткіш тым жоғары.

Осы орайда «Кинематография туралы» Заңның 15-бабының басылымнан Қазақстан Республикасының аумағындағы фильм өндірісіне салынатын қаражаттың төменгі шегі алып тасталынады.

Сегізінші. Ұлттық фильмдер өндірісіне бөлінетін қаражатты бөлудің жаңа тәсілдері ұсынылады. 70 пайызы тарихи, патриоттық және имиджді жобаларға, 30 пайызы жеке киножобаларды қосалқы қаржыландыру мәселесі.

Құрметті депутаттар! Мен заң жобасының негізгі концептуалдық тәсілдері мен нормаларын көрсеттім.

Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Құрметті әріптестер, енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлы.

НАҚПАЕВ С.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Дәурен Әскербеқұлы! Заң жобасына сәйкес дубляж үшін мемлекеттік қаржылық қолдау алған балалар анимациялық фильмдері мен отбасымен көруге арналған фильмдерді прокаттау және кинозалдарда көрсету қазақ тілінде жүзеге асырылуы тиіс.

Бұл ретте осы тармақтың екінші бөлігінде мұндай фильмдерді прокаттау және көрсету басқа тілдерде де жүзеге асырылуы мүмкін екендігі көрсетілген.

Басқа тілдерде прокатқа берілетін фильмдерді іріктеу қандай қағидат бойынша жүзеге асырылатынын түсіндіріп беріңізші. Бұл фильмдерді прокаттау туралы шешімді кім қабылдайды? Рақмет.

АБАЕВ Д.Ә. Бұл құзыретті біз Кино орталығына беріп жатырмыз. Кино орталығы арнайы сараптама комиссиясын жасақтайды. Кино орталығы өз ұсынысын береді, сол арқылы дубляж жасалады. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Қамасова Зарина Айдарханқызы.

ҚАМАСОВА З.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Даурен Аскербекович! Действующий Закон «О кинематографии» предусматривает получение субсидии при минимальном вкладе инвестора в сумме не менее 130000-кратного размера месячного расчетного показателя.

Теперь же нижний предел вкладываемых средств на производство фильма иностранными киностудиями на территории Казахстана исключается.

Скажите, пожалуйста, какие будут выставляться критерии при отборе инвесторов?

АБАЕВ Д.А. Действительно, сейчас нужно, чтобы минимальная стоимость проекта была 850 тысяч. Для сравнения, в Грузии 250 тысяч, во Франции – 200 тысяч евро.

Поэтому мы предлагаем убрать нижний порог, чтобы любые проекты сейчас зашли. Если кинопроизводство зарубежных стран начнет работать в Казахстане, это дополнительные потоки туристов, будут создаваться дополнительно рабочие места. У нас есть хорошая база каскадеров.

Поэтому мы сейчас предлагаем убрать. Они будут приходиться в специальную национальную комиссию, которая создается в рамках закона. Они будут отсматривать, предлагать различные локации по всей стране. Я думаю, что это правильный шаг. Если все это у нас заработает, выйдет на должный уровень, мы можем вернуть нижнюю ставку после соответствующего анализа. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Торғаев Бекқали Нұрғалиұлына беріледі.

ТОРҒАЕВ Б.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Дәурен Әскербекұлы! Заң жобасында ұлттық фильмдерді шығаруға бөлінетін қаражатты бөлудің жаңа тәсілдері көзделген. Оның ішінде 70 пайызы тарихи, патриоттық және имидждік фильмдерге. Осы қаражаттың кемінде жартысынан көбін «Қазақфильм» акционерлік қоғамына беру ұсынылады;

30 пайызы жеке киножобаларды және дебюттік фильмдерді қаржыландыруға бағытталады.

Кез келген кинокомпанияның мемлекеттік қолдау алуға құқығы бар деп есептеймін. Сондықтан да «Қазақфильм» олармен тең жағдайда ашық конкурсқа қатысуға тиіс.

Осы орайда неге «Қазақфильм» киностудиясына басқаларға қарағанда артықшылық жағдай жасалған? Бұл немен байланысты? Осыны түсіндіріп берсеңіз. Рақмет.

АБАЕВ Д.Ә. Сұрақтарыңызға рақмет.

Заң қабылданғанға дейін фильмдердің 90 пайызын «Қазақфильм» түсіретін. Осының арқасында біз «Қазақфильмді» де сақтап қаламыз, басқа жеке компанияларды да дамытамыз деп ойлаймыз. Бұның бәріне біз арнайы сараптама, анализ жасадық.

«Қазақфильмді» сақтап қалып, одан әрі дамыту үшін осындай минимальный порог жасадық.

«Қазақфильм» бұл фильмдерді алғанымен де (сондай құқығы бар) басқа жеке компанияларды жалдап, производствосын соларға бере алады, ол қарастырылған. Сондықтан бұл тек «Қазақфильмге» түседі деп қарамау керек. Біз бұны кино саласын жан-жақты дамытады деп ойлаймыз.

Тағы да айтып кетейін, оның алдында фильмдердің 90 пайызын «Қазақфильм» түсіретін, ал қазір біз басқа компанияларға да жол аштық. Және де бізде «Қазақфильм»-ді сақтап қалатын мүмкіншілік болады.

ТӨРАҒА. Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Дәурен Әскербекұлына.

Құрметті министр! Мына заң жобасында жақсы мәселе қаралған – шетелдік отбасылық және балалар фильмдерін қазақ тіліне дубляж жасау, оны әртүрлі талаптармен анықтау. Бұл дұрыс мәселе. Бірақ мынандай жағдай бар. Қазіргі таңда ауылдарда және кейбір аудандарда кинотеатрлар жоқ. Тіпті қаланың өзінде де қазір жастар, балалар, отбасылар интернетті пайдаланып, гаджеттерде, смартфондарда фильмдер қарайды. Ал ол жердегі контенттер, өздеріңіз жақсы білесіздер, басқа тілде.

Мысалы, бізде Маңғыстауда кейбір ауылдарда бірде-бір басқа ұлттың өкілі жоқ, бірақ кішкентай балаларымыз басқа тілде сөйлеп кетті. Сонда ұлтымызға төніп тұрған үлкен ақпараттық қауіп бар.

Сұрақ. Сіздің министрлік (өзіңіздің әріптестеріңізбен бірге) біздің интернет-ресурстарда, мысалы, YouTube немесе Netflix сияқты басқа да қосымшалар сияқты арнайы отбасылық және балаларға арналған

анимациялық, қазақ тіліне дубляж жасалған фильмдерді көрсету мәселесін қалай қарастырып жатыр?

АБАЕВ Д.Ә. Дұрыс айтасыз, бұл мәселені біз қазір қолға алып жатырмыз. Биыл, өздеріңіз білесіз, біз «Қазақ анимация» деген бірлестік құрдық. Сол «Қазақ анимация» биылдың өзінде 20 пилоттық жобаны жылдың соңына дейін өткізеді. Сол 20 пилоттық жобаны біз халыққа сыйлаймыз. Ол бірінші бастама деп айтуға болады. Соның арқасында, біздің ойымызша, біз осы анимация мәселесін жаңа жақсы деңгейге көтереміз деп сенеміз.

Одан басқа, білесіздер, «Балапан» телеарнасы бар. Ол мәселе бойынша Ақпарат министрлігі түсіндіріп айтады. Бірақ ол жерде біз жастардың жас ерекшеліктерін қарастыруымыз керек. Ол нәрсені де қолға аламыз деп ойлаймын.

Жалпы интернеттегі контент бойынша біз, жаңа айтып кеттім ғой, биылдың өзінде 60-қа жуық жаңа жоба жасап жатырмыз. Солардың өзін келешекте YouTube-қа орналастырамыз деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Құрметті депутаттар, сұрақтарымыз аяқталды.

Дәурен Әскербекұлы, Сізге рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі депутат Әшімжанов Жанарбек Садықанұлына беріледі.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография және мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасының негізгі басым бағыттары туралы министр мырза өз баяндамасында егжей-тегжейлі атап өтті.

Қазіргі уақытта фильмдерді шығаруды қаржыландыру рәсімдері мемлекеттік сатып алу туралы заңнама нормаларына сәйкес келмейді, бұл түпкілікті тауар өнімі – сапалы фильм жасауды толық іске асыруға кедергі келтіреді. Осыған байланысты депутаттар ұлттық фильмдер деп танылуға үміткер ұлттық фильмдер мен киножобаларға «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның нормаларын таратпай, мемлекеттік қаржылық қолдауды жүзеге асыруды ұсынды.

Бүгінгі таңда елімізде де, шетелде де мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шараларды өткізу бойынша қаржыландыру нормативтері заңнамалық деңгейде реттелмеген.

Мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды жүргізу тәртібін реттеу және жүйелеу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында Мәдениет және спорт министрлігінің тиісті қаржыландыру қағидаларын бекіту құзыретін айқындау бойынша сапалы нормалар енгізілді. Бұдан басқа «Кинематография туралы» Заңның ұғымдық аппаратының редакциялары нақтыланды әрі жақсартылды.

Заң жобасында мемлекеттік бюджет есебінен елімізде және шетелдерде ұйымдастырылатын әлеуметтік маңызы бар мәдени іс-шараларды

қаржыландырудың, мемлекеттік музейлерге тарихи-мәдени мұраны қорғау және сақтаудың, фильмдердің мемлекеттік қорын айқындаудың, қазақ тілін қолдау және дамыту мақсатында балаларға арналған шетелдік анимациялық фильмдер мен отбасымен бірге көруге арналған фильмдерді қазақ тілінде дубляждауға мемлекеттік қаржылық қолдау жүйесін енгізу, ұлттық фильмдерді шығаруға бөлінетін қаражатты бөлудің жаңа тәсілдерін белгілеу мәселелеріне қатысты оң өзгерістер мен түзетулер қарастырылған.

Сондай-ақ Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 маусымдағы Ұлытаудағы Ұлттық құрылтайда берген тапсырмасына сәйкес қатысты өзгерістер осы заң жобасына енгізілген, яғни:

25 қазан Тәуелсіздік декларациясы жарияланған күн. Оны Ұлттық мереке – Республика күні ретінде айқындау;

16 желтоқсан – Тәуелсіздік күнін мемлекеттік мереке ретінде белгілеу.

Бұдан бөлек 1 желтоқсан – Тұңғыш Президент күнін мерекелеуді Мемлекеттік рәміздер күні, Алғыс айту күні және қоғамдық маңызы жоғары әлеуеті бар өзге де күндер секілді мемлекеттік мерекелер қатарынан алып тастау арқылы айқындау ұсынылды.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография, мәдениет және мерекелер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын мақұлдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Жанарбек Садықанұлы.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Тәжмағамбетова Мақпал Мазаққызына беріледі.

ТӘЖМАҒАМБЕТОВА М.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Бүгін қаралып отырған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кинематография және мәдениет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы елімізде кинематографияны дамыту үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған бірқатар новеллаларды көздейді. Атап айтқанда, алғаш рет заңнамалық деңгейде балаларымыз үшін елге әкелінетін, қазақ тіліне дубляждалған танымал анимациялық фильмдерді көруге қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Заң жобасында «6 жасқа дейін» және «6 жастан бастап» тиісті жас шектерін белгілей отырып «балалар анимациялық фильмі» ұғымын, сондай-ақ «12 жастан бастап» жас санаты белгісімен отбасымен көруге арналған фильмдерді енгізу көзделеді.

Іріктеуден өткен бұл фильмдер қазақ тіліне дубляж жасау үшін мемлекеттік қаржылық қолдаумен қамтамасыз етіледі. Бұл балалардың дамуына да, мемлекеттік тілді ілгерілетуіне де оң әсерін тигізеді.

Заң жобасында «21 жастан бастап» жас санаты бар фильмдерді прокаттауға арналған уақыт шектері белгіленеді. Оларды көрсету кинозалдарда тек түнгі уақытта, сағат 22.00-ден кейін жүзеге асырылатындығын айта кету керек.

Заң жобасында дебюттік фильм ұғымы – қоюшы режиссердің алғашқы фильмі, сондай-ақ оны қаржыландыру нормалары енгізіледі.

Жеке жобаларды, оның ішінде дебюттік фильмдерді қаржыландыруға жыл сайын ұлттық фильмдерді шығаруға бөлінетін қаражаттың 30 пайызы бағытталатын болады.

Мұндай нормаларды енгізу Қазақстанда отандық киноиндустрияның дамуына үлес қосатын дарынды жас режиссерлерді қолдауға мүмкіндік береді деп есептейміз.

Тұтастай алғанда заң жобасын қабылдау кинематография және мәдениет саласындағы қызметті тиімді ұйымдастыру бойынша қажетті жағдайлар жасайды.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, әріптестерімнен осы заң жобасын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау барысында осы заң жобасын тұтастай мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98 депутат, «жақтағандар» – 98 депутат. Шешім қабылданды.

Енді осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 97 депутат, «жақтағандар» – 97 депутат. Қаулы қабылданды.



*Дұрыс: Құжаттамалармен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Мауф Н.Майынтаев.*